



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Увеличение количества заимствованных слов объективно связано с естественным процессом укрепления межгосударственных связей, развития научной деятельности человека, повышения грамотности населения и большей вовлеченности граждан в макроэкономические процессы в мире. Такой характер заимствований мы бы назвали органичным, слова иностранного происхождения, не имеющие аналогов в русском языке, приживаются очень быстро и легко. Но некоторые понятия, которые были внедрены в нашу речь «не естественно», будучи данью моде, надо стремиться заменить на синонимичные слова, которые более восприимчивы и понимаемы обществом. Опираясь на огромный исторический базис русской речевой традиции, признавая фактор известной регионализации русской речи коренного населения и массовую экспансию заимствованных слов, язык СМИ Казахстана претерпевает существенные изменения, которые, несомненно, должны быть изучены более подробно.

Список использованной литературы:

1. Словарь-справочник лингвистических терминов. М.: Просвещение, 1985.
2. Словарь иностранных слов: 4 000 единиц. М.: АСТ, 2004.
3. Словарь иностранных слов: около 3 000 наиболее употребительных иноязычных слов. М.: АСТ, 2006.
4. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4 т.т.// <http://dic.academic.ru/contents.nsf/enc2p/>

МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВТЫҢ КӘСІБІ КЕЛБЕТІ

Ақылбек Жансая Қабитханқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Журналистика және саясаттану» факультеті

Ғылыми жетекшісі - профессор, ф.ғ.д. А.Ж. Шәріп

Қазіргі заманғы қазақ журналистикасына, оның ішінде тележурналистиканың қарқындап дамуына үлес қосқан шоқтығы биік ғалымдардың бірі ретінде М.Барманқұловтың өмірі мен кәсіби жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде таныстырылып отырғаны жөн.

«Орыс тілді, қазақ ділді, азаматтық жұлдызы дәйім биіктен жарқырап тұратын М.К. Барманқұлов сынды ғалымның түркі өркениеті мен мәдениетінің алғашқылық, озықтық концепциясын біз кешегі қасаң түсініктен арыла алмай келе жатқан өз әріптестерімізге, бүгінгі жас ғалымдар мен зерттеушілерге үлгі етер едік» - деп жазады филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин [1].

Марат Карибайұлы Барманқұловтың өмірі мен кәсіби тұлғасына көз жүгіртіп көрсек, мазмұнды да өнегелі өмір жолының куәсі бола аламыз. Ғалым 1937 жылдың 13-ақпанында Алматы облысы Талғар қаласында дүниеге келген. 1954 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түскен. 1959 жылы оқуын тәмамдаған соң Алма-Ата телевизиялық студиясына жұмысқа тұрады: корреспондент болып бастайды, содан кейін редактор, комментатор қызметін атқарады, екі жыл бойы жауапты редактор орнында жұмыс істейді [2].

1961 жылы М.В.Ломоносов атындағы ММУ журналистика факультетінің аспирантурасына оқуға түскен. Аспирантураны 1964 жылы аяқтағаннан кейін М.К.Барманқұлов Мәскеу Мемлекеттік университетінде кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған және 1965 жылғы қаңтар айында Қазақ Мемлекеттік университеті орыс журналистикасы кафедрасының ассистенті қызметіне алынған. 1966 жылғы қыркүйек айында филология ғылымдарының кандидаты дипломын алғаннан кейін аға оқытушы болып тағайындалады.

1966 жылғы қазан айынан 1969 жылғы желтоқсан аралығында М.К.Барманқұлов С.М.Киров атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті деканының орынбасары қызметін атқарған. 1969 жылғы ақпан айында доцент атағы тағайындалды. 1972 жылы ММУ журналистика факультеті қабырғасында біліктілігін арттыру курсы тәмамдады.

Марат Карибайұлы Барманқұлов өзінің туған университетінде 35 жылдан артық уақыт қызмет еткен: 1965 жылдан бастап кафедра ассистентінен филология ғылымдарының докторына, профессор, күндізгі және сырттай оқу журналистика факультетінің деканына дейінгі үлкен қызмет жолынан өткен. 2000 жылға дейінгі уақытта телевизия және радиожурналистика кафедрасының меңгеруші болған.

1991 жылғы наурызынан қыркүйегіне дейін мемлекетіміздің алға ұстар «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің бірінші орынбасары болған.

Университеттегі жұмыс істеген жылдарында Марат Карибайұлы өзін дана жетекші, талантты педагог және ғалым, талапты зерттеуші ретінде көрсетті. М.К. Барманқұлов журналистика факультеті үшін жаңа курстар дайындап, енгізген: «Радиотаратылым мен телевизия негіздері», «Теле-радиопублицистика жанрлары», «Баспа, радио және телевизия жанрларының салыстырмалы анализі», «Қазіргі шетелдік журналистика». Ол кісінің «Мәдениеттану» және «Түрік мемлекеттеріндегі әлемдік діндер» атты 1990-жылдары енгізілген жаңа курстарына журналистика факультетінің студенттерімен қатар философия, тарих, саясаттану факультеттерінің студенттері де қызығушылық танытқан [2].

«Репортаж на радио и ТВ» (1970 ж.), «Весь мир у вас в квартире» (1972 ж.) және «Журналистика для всех» атты М. Барманқұловтың алғашқы кітаптары қазіргі ХХІ ғасыр студент-журналистері буынының да қолдан түсірмейтін кітаптарына айналған.

«Қазақстанның Түркістан қаласындағы Қожа Ақымет Иасауи атындағы қазақ-түрік университетінің тең төрағасы, түрік халықтарының: қазақ, өзбек, татар, гагауз, сақа, шуваш, түркімен, қырғыз, т.б. тілдерінде өзінің ана тіліндей еркін сөйлейтін, үлкен жүректі азамат Намық Кемал Зейбек, өз ұлтын жанындай сүйетін ашық-жарқын, ақ көңіл азамат, Түркиядағы ең беделді әрі қаржылы ұйым — "Ыхлас" холдингінің президенті Невзат Иалшынташ, Түркияның Мемлекет министрімен, мәдениет министрі Естемихан, Анкараның Кешурин ауданының Алыпарслан Түркеш жетекшілік ететін МХП партиясынан сайланған, осы ауданның әкімімен, бүгіндері Германияның Көлін қаласында тұратын, жасы сексеннен асқан, профессор Баймырза Хайтпен және т.б. болған кездесулерде профессор Марат Барманқұлов өзін нағыз ғалым, зиялы интеллект ретінде өзгелерден шоқтығы биік тұрды» - деп атап өтеді «Марқұм Марат Барманқұлов туралы біз үзік сыр» атты естелігінде Жұмаш Кенешбай [3].

1980 жылы М.К.Барманқұлов М.В.Ломоносов атындағы ММУ докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы атағын алды. Бұл баспа, радио және телевизия жанрларының салыстырмалы талдау бойынша Қазақстандағы бірінші диссертация болды.

Марат Карибайұлы оқыту-педагогикалық қызметпен қатар үлкен қоғамдық жұмыстар атқарған. Ол кісі ТМД Журналистік қоғам конфедерациясының басшылық мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының хатшысы болған. Марат Барманқұловтың ойы кәсіпқойлар үшін маңызды болған, ол кісіні партбюро мүшесі, партком мүшесі, факультет партбюросының хатшысы, факультет Ғылыми кеңесі төрағасының орынбасары, методбюро төрағасы, «Журналист» жинағының жауапты хатшысы ретінде тағайындаған [2].

Радио және тележурналистерге арналған Республикалық курстарда дәріс оқыған ол, радиодан «Школа радиожурналистов» деген бағдарлама жүргізген. Факультеттегі өзінің ғылыми-педагогикалық жұмысының көптігіне қарамастан, Марат Карибайұлы шығармашылық жұмыстарға көп уақыт бөлген: 200-ден аса газет беттерінде шыққан мақалалары мен телевизиядағы бағдарламалары бар. М.К.Барманқұловтың түсірген бірнеше оқыту фильмдері Бүкілодақтық көрмеде көрсетіліп, Республикалық байқауда 1-дәрежелі дипломмен марапатталған.

М.К.Барманқұлов қазақ телевизиясындағы алғашқы кезеңдік бағдарламаларының авторы болған. Ол кісінің «Сто путей – сто дорог» бағдарламасы спорт, туризм мен Іле

Алатауының керемет тауларын насихаттаған. Осы бағдарламаға арқау болған Іле Алатауға қарап алдымен өзі таңданған, демалыс күндері тауға шығуды жақсы көреген, тау шаңғысымен және велотуризммен айналысқан.

Профессор Марат Барманқұловтың шығармашылық және ғылымға қызығушылық ауқымы зор әрі жан-жақты болды. Оның «Возможности космического ТВ» (1997ж.) мен «Телевидение: деньги или власть?» (1998ж.) атты кітаптары әлемдегі және Қазақстандағы телетаратылымның жаңа үрдісі, 1990-жылдың басында пайда болған коммерциялық теле-радиокомпаниялардың пайда болуы мен осы кезеңдегі нарықтық қарым-қатынасқа көшудегі қиындықтар туралы маңызды ақпарат береді.

Қазақстандық зерттеушілер арасында алғашқы болып Марат Барманқұлов Қазақстанда интернеттің пайда болуын және оның электрондық БАҚ-қа, қоғамның дамуына, біздің күнделікті өмірімізге ықпалын зерттеген, Әлемдік желінің болашағын болжаған.

М.К.Барманқұлов журналистика, телевизия, мәдениеттану. Түріктану бойынша 20-дан астам монографиялардың авторы. Оған «Хан...Иван», «Наследники Белого лебедя» (1995 ж.), «Тюркская Вселенная» (1996 ж.), «Хрустальная мечта тюрков о квадронации» (1999 ж.) және т.б. осы сияқты кітаптары мысал бола алады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Марат Карибайұлы Барманқұловтың басшылығымен бір докторлық, алты кандидаттық диссертация қорғалған. Ол кісі ҚазҰУ журналистика факультетінде өзінің ғылыми мектебін құрған, Қазақстандағы телерадиотаратылымның жаңа ғылыми бағытын анықтаған. М. Барманқұловтың шәкірттері, пікірлестері әлі күнге дейін ол кісінің ісін жалғастырып келеді. Ол О.Абдиманұлы, К.Ж.Тұрсын, С.Х.Барлыбаева, Л.С.Ахметова, Г.Ж.Ибраева, Ш.И.Нургожина және т.б. профессорлар сияқты журналистердің, телевизияшылардың, теле-радио теоретиктерінің, коммунологтардың бірнеше буынын дайындаған.

Марат Барманқұлов 1990 жылдары Әлемдік журналистика және әдебиет институтының негізін салған, Еуразия Экономикалық Академиясының вице-президенті қызметін атқарған.

2001 жылы Журналистика Академиясы журналист Марат Карибайұлы Барманқұловқа қазақ журналистикасына қосқан көрнекті үлесі үшін «Алтын самұқ» № 1 сыйлық тағайындады. Бұл жоғары дербес жалпыұлттық журналистикалық сыйлық. Бүгінгі күні осы сыйлыққа он адамдай ие болған. Қазақстан журналистер одағының осы жоғары марапатын иемденген алғашқы адам – танымал теоретик, телепублицист, ТМД телевизия қызметкерлерінің қолдан түсірмейтін журналистика, телевидения туралы кітаптардың авторы - Марат Карибайұлы Барманқұлов.

Өмір Молдабековке берген сұхбатында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті журналистика факультетінің деканы Өмірхан Абдиманұлы былай дейді: «Әл-Фараби атындағы Мемлекетінің Ұлттық университетінің журналистика факультетіндегі қызмет жылдары жеміске толы болды. Қазақстанда қазақ журналистика саласындағы ғылыми еңбек жазған тұңғыш ғалым да осы Марат Барманқұлов, қазақ теледидарындағы Түрік даналары атты телебағдарламаның ғылыми жетекшісі болған да Марат Барманқұлов. Мәкең ғылыми еңбектерімен қоса соңғы жылдары тарих саласында да өндіріп еңбек етті. «Наследники белого лебедя», «Хан Иван», «Золотая баба», т.б. толып жатқан кітаптарының ортақ тарихы жайлы, оның кейбір көлеңкелі тұстары туралы тың ойлар, батыл пікірлер айтты» [4].

Сонымен, қазіргі кезде «Теледидар қазір журналистиканың барлық ескі жанрларын жаңарған түрге айналдырды. Олардың бар-ау деп есте жүргендердің жаңа қырларын ашты. Жаңа әдістерді дүниеге келтіріп, журналистикаға жаңаша жанрлар мен формалар сыйлады», - деген М. Барманқұловтың пікірі шындыққа айналып, ғалымның салып кеткен сара жолы жалғасын табу үстінде.

Қолданған әдебиеттер:

1. Кәкен Қамзин. Марат Барманқұлов жұлдызы. – Қамшы.KZ ақпараттық порталы. - 04.09.2013.

2. Марат Барманкұлов Өнегелі өмір. – Под ред. Г.М.Мутанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 342 с.
3. Жұмаш Кенесбай. Марқұм Марат Барманкұлов туралы біз үзік сыр. - INJU.KZ порталы. – 24.03.2014.
4. Әмір Молдабеков. Дара тұлға профессор М.Барманкұлов. - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті журналистика факультетінің деканы Әмірхан Әбдиманұлымен болған сұхбат. «Әдебиет» газеті, 13.03.2015.

РОЛЬ ТЕЛЕВИДЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ВНУТРЕННЕГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА

Апуова Даная Исатайевна

b_day17289@mail.ru

Магистрант 2 курса Евразийского национального университета им Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель: д.ф.н., проф. С.Ш.Тахан

Телевидение сегодня является самым эффективным каналом политической коммуникации, а также важнейшим фактором, влияющим на общественное самосознание. При этом, используя целый ряд различных средств воздействия, телевидение влияет на результат концептуализации информации об окружающей действительности, тем самым предопределяя картину мира адресата, а также эволюцию ценностных ориентаций в современном обществе.

Формирование общественного сознания, управление людьми посредством коммуникации имеет огромное преимущество: незачем, например, устраивать расправы над оппозицией, намного эффективнее, используя возможности информационно-психологического воздействия, направить массы на «единственно верный» путь, чем восстанавливать народное хозяйство после гражданских войн или иных внутренних потрясений. Причем информационно-психологическое воздействие может быть направлено не только на соотечественников, но и на зарубежных противников, что позволяет существенно уменьшить количество людских жертв и материальных затрат на ведение военных действий. Таким образом, можно утверждать, что основная роль отечественного телевидения в настоящее время не столько информационная, сколько идеологическая. Необходимость идеологического воздействия обуславливает особенную актуализацию манипулятивных ресурсов телевидения, превращая его в орудие для формирования общественного сознания в нужном направлении.

Основой политического манипулирования является создаваемая средствами массовой информации – и в первую очередь телевидением – «зримая» бессознательно-художественная реальность, которая может в корне изменить пропорции подлинной модели мира. Важной предпосылкой для манипуляции можно считать также и тот факт, что, обладая монополией на информацию, телевидение задает приоритеты событий. В мире происходят миллионы событий, но обсуждается только та их часть, которую ТВ и другие СМИ вводят в сферу внимания своей публики.

Наряду с фактором отбора информации существует не менее важный источник манипулятивной силы телевидения – слово и визуальный образ. Возможность выражать мысль с помощью различных словосочетаний позволяет одному человеку воздействовать на восприятие окружающей действительности другим человеком. Если, например, одни комментаторы, оценивая экономическую ситуацию в стране, говорят о «безработице», то другие – о «неполной занятости»(1).

Эпоха «нового» телевидения вна всей территории СНГ и в Казахстане в том числе, началась в 1991 году, явившись результатом тех коренных преобразований, которые